

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 19 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Өздеріңізге белгілі, 15 наурыз күні елімізде республикалық референдум өтті. Соның нәтижесінде азаматтарымыздың 87 пайыздан астамы жаңа Конституцияны қолдап дауыс берді. Отандық және халықаралық байқаушылар дауыс берудің ашық әрі әділ өткенін айтуда.

Референдум қазақстандықтардың еліміздің болашағына бейжай қарамайтынын және Мемлекет басшысының реформаларын толық қолдайтынын тағы бір мәрте көрсетіп берді.

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бүкіл халық атынан Ата заңға қол қойды. Осылайша тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды.

Құрметті әріптестер, баршаңызды осы аса маңызды тарихи оқиғамен құттықтаймын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер! Шын мәнінде жалпыұлттық референдум ел бірлігінің және азаматтық жауапкершіліктің жарқын көрінісі болды. Халық жаңғыру мен жаңару жолын таңдау арқылы ұзақ мерзімді дамудың берік негізін қалады. Бұл қуатты, жасампаз, бәсекеге қабілетті Қазақстан қалыптастыру жолындағы маңызды қадам екені сөзсіз.

Енді алдымызда жаңа Конституциядан туындайтын ауқымды міндеттер тұр. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойды. Соған сәйкес Парламентке бірқатар маңызды міндет жүктеліп отыр. Атап айтқанда, жаңа бес конституциялық заңды қараймыз. Сондай-ақ бірқатар конституциялық заңға және қолданыстағы заңдарға түзетулер енгіземіз. Әкімшілік істер бойынша рақымшылық жасауға арналған тиісті заң қабылдау да тапсырылды. Осы ауқымды жұмысты Мәжіліспен және Үкіметпен бірлесіп уақытылы әрі сапалы жүзеге асыруымыз керек.

Жалпы, халық Конституциясы тек құқықтық құжат емес, ол қазіргі сын-қатерлерді ескере отырып, стратегиялық дамуға жол ашатын жаңа қоғамдық келісім деп ауыз толтырып айта аламыз. Осы келісім жолында халқымыз ырыс-ынтымақтың озық үлгісін көрсетіп, Ата заңды іске асыруға бір кісідей атсалысады деп сенеміз.

Әділетті Қазақстанның төлқұжаты – Ата заң баянды болсын. Тәуелсіз қазақ елі өсіп-өркендей берсін.

Құрметті әріптестер, жаңа Конституция тағы да құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, енді жұмысымызды бастайық.

Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын лауазымынан босату туралы.

Бұл мәселе бойынша Президенттің тиісті ұсынуы Сенатқа келіп түсті.

Мемлекет басшысының ұсынуын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы Малахов Дмитрий Михайловичке беріледі.

МАЛАХОВ Д.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! На ваше рассмотрение внесено представление Главы государства об освобождении Космуратова Ерлана Смадияровича от должности судьи Верховного Суда в связи с его назначением на другую должность.

Космуратов Ерлан Смадиярович Указом Главы государства от 2 марта текущего года назначен председателем Жамбылского областного суда.

Уважаемые депутаты, прошу поддержать представление Главы государства об освобождении Космуратова Ерлана Смадияровича от должности судьи Верховного Суда в связи с назначением на другую должность.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Дмитрий Михайлович. Присаживайтесь.

Бұл мәселе алдын ала Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде талқыланды.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз комитет төрағасы Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті өзінің кеңейтілген отырысында Қазақстан

Республикасы Президентінің Жоғарғы Соттың судьясын қызметінен босатуға ұсынылған кандидатураны талқылап, қарау нәтижесі бойынша қорытынды шығарды.

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы негізінде және Конституцияның 55-бабы 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, 3-тармағы 1) тармақшасына сәйкес комитет Парламент Сенатына Ерлан Смадиярұлы Қосмұратовты басқа лауазымға тағайындалуына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметінен босатуды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдау ұсынылады.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Қосмұратов Ерлан Смадиярұлын Жоғарғы Сот судьясы лауазымынан босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Ерлан Смадиярұлы өзіне жүктелген жауапкершілігі мол міндетті абыроймен атқарды. Алдағы уақытта да барлық істеріне сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты

хаттаманы және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы ратификациялау туралы» Заң ұсынылады.

Аталған хаттамалар 2016 жылғы 6 қазанда Халықаралық азаматтық авиация ұйымы ассамблеясының 39-сессиясында қабылданды. Олар қатысушы мемлекеттер құрамының кеңеюін ескере отырып, ИКАО басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Өзгерістердің мәні, біріншіден, ИКАО кеңесінің құрамын 36 мемлекеттен 40 мемлекетке дейін ұлғайту болып отыр. Бұл мүше мемлекеттердің неғұрлым әділ және географиялық теңгерімді өкілдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екіншіден, техникалық сараптаманы күшейту және ИКАО-ның нормашығармашылық қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Аэронавигациялық комиссия құрамын 19 мүшеден 21 мүшеге дейін көбейту көзделеді. Бұл өзгерістердің қажеттілігі ИКАО құрылған сәттен бастап мүше мемлекеттердің санының 52 мемлекеттен 193 мемлекетке дейін ұлғаюына, ал ұйымның негізгі басқару органдарының сандық құрамының ұзақ уақыт бойы қайта қаралмай, өзгеріссіз қалуына байланысты.

2022 жылы ИКАО Ассамблеясының 41-ші сессиясында қарар қабылданды, онда мүше мемлекеттер ИКАО органдарын реформалау қажеттілігін мойындады және тиісті хаттамаларды жедел ратификациялауға шақырды. Олардың күшіне енуі үшін 128 ратификация қажет. Бүгінгі таңда бұл өзгерістерді 120 мемлекет ратификациялады.

Қазақстан Республикасы үшін хаттамаларды ресми түрде бекітудің маңызы зор. Бұл еліміздің халықаралық авиациялық саясатты қалыптастыруға неғұрлым белсенді қатысуы үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге, сондай-ақ ИКАО органдарының құрамына кандидатурамызды ықтимал ілгерілету үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

Аталған заңды қабылдау – конвенция шеңберінде азаматтық авиацияны халықаралық-құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру, халықаралық стандарттар мен ИКАО-ның ұсынылатын практикасын сақтау, сондай-ақ сапалы және сенімді авиациялық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Сонымен бірге заңды қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізуді талап етпейді, республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарға әкеп соқпайды және теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарлары жоқ.

Заң жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты қаралды, Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Көлік министрлігінің өкіліне.

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға енгізілген өзгерістердің мәні Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) кеңесінің құрамын 36 мүшеден 40 мүшеге дейін және Аэронавигациялық комиссияның құрамын 19 мүшеден 21 мүшеге дейін ұлғайту болып отыр. Қазақстан үшін аталған хаттамаларды ратификациялау халықаралық авиациялық саясатқа неғұрлым белсенді қатысуға және осы ұйымның органдарының құрамына өз кандидатурасын ілгерілету мүмкіндігіне жасалған қадам болып саналады. Осыған байланысты сұрақтар туындайды.

Халықаралық азаматтық авиация ұйымының органдары құрылымындағы өзгерістер Қазақстан Республикасындағы азаматтық авиацияның дамуы мен қауіпсіздігіне қалай әсер етуі мүмкін?

Осы ұйым органдарындағы мемлекеттер санының ұлғаюын жаһандық авиациялық жүйеде елдердің әділ өкілдігін арттырудың тиімді тетігі деп санауға бола ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Көлік вице-министрі Ластаев Талғат Тлеубекұлы, жауап беріңіз.

ЛАСТАЕВ Т.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, конвенцияны ратификациялау рәсімін қарастырғандарыңызға рақмет. Негізі ратификациялаудың бірнеше оң себептері бар. Біріншіден, ИКАО кеңесіне кіру үшін біз алдын ала бір ай бұрын Сыртқы істер министрлігімен бірігіп ұсыныс бердік. Осы жылдың қараша айында сайлау болады, сол кеңеске басқа мемлекеттердің қатарында кіру жөнінде ұсыныс бар. Сонымен айналысамыз. Бұл Қазақстанға ИКАО-ның басқару органына қатысып, халықаралық стандарт талаптарын енгізу үшін мүмкіндік береді. Бұл біріншіден.

Екіншіден, біздің отандық индустрияға тек қана оң әсер етеді. Өйткені біздің бүкіл авиация саласында халықаралық стандарт енгізілген, заманауи тәртіппен жұмыс істейді. Сол себепті ИКАО-мен қарым-қатынас деңгейі арта берсе, ол біздің отандық индустрияға тек қана оң әсерін тигізеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства транспорта Республики Казахстан.

Конвенция о международной гражданской авиации 1944 года закрепляет институциональную структуру Международной организации гражданской авиации (ИКАО) и определяет порядок формирования ее руководящих органов.

В соответствии со статьей 50 а) конвенции Совет ИКАО формируется из государств-членов, избираемых ассамблеей с учетом их значения для международной гражданской авиации, а также необходимости обеспечения справедливого географического представительства.

В свою очередь, статья 56 конвенции устанавливает аналогичные принципы формирования другого постоянного органа организации – Аэронавигационной комиссии, члены которой назначаются Советом ИКАО из числа лиц, обладающих соответствующей квалификацией и опытом в области аэронавигации.

Протокол 2016 года предусматривает увеличение численного состава Совета ИКАО с 36 до 40 государств, а Аэронавигационной комиссии – с 19 до 21 государства.

В этой связи возникают следующие вопросы.

1. С учетом положений статьи 56 конвенции о формировании Аэронавигационной комиссии предполагается ли, что расширение состава Совета ИКАО может оказать влияние на подходы к формированию и работе данного органа, в том числе с точки зрения обеспечения профессионального и регионального баланса?

2. Рассматривается ли в рамках ИКАО дальнейшее совершенствование институциональной структуры организации с учетом роста числа государств-участников и увеличения нагрузки на ее постоянные органы? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ЛАСТАЕВ Т.Т. Большое спасибо за вопросы.

Ответ, однозначно, да, что эффективность организации возрастает с увеличением количества членов Совета ИКАО. Я поясню почему.

В 1944 году при формировании и подписании конвенции количество стран-участников было 53, сейчас увеличилось до 193. Соответственно, необходимо равномерное и справедливое присутствие всех регионов. К примеру, Центральная Азия не представлена в Совете ИКАО. Как я сказал ранее, буквально месяц назад совместно с Министерством иностранных дел мы подали заявку на вхождение в Совет ИКАО. Этому будет предшествовать большая работа.

Осенью состоятся выборы. Поэтому Казахстан участвует и будет претендовать на место в Совете ИКАО, что дает нам возможность участвовать непосредственно в создании стандартов и нормативной базы, международных для гражданской авиации требований безопасности полетов.

Также хотел бы отметить, что для увеличения количества стран в Совете ИКАО необходима ратификация 128 государствами. На сегодня 121 государство ратифицировало. И с учетом ратификации Казахстаном мы будем первой страной в регионе, которая ратифицирует эту конвенцию, соответственно, даст возможность ИКАО повысить свою эффективность. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бибігүл Бүркітқызы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенция хаттамаларын ратификациялау туралы ұсынылған заңды қолдаймын және қолдай отырып Қазақстан Республикасы үшін маңыздылығына әріптестерімнің назарын аударғым келеді.

Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бастап Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мүшесі болып табылады және оның қызметіне жүйелі негізде қатысады. Бұдан басқа Қазақстан штаб-пәтері Парижде орналасқан ИКАО Еуропалық және Солтүстік Атлантикалық өңірлік бюросының мүшесі.

Соңғы жылдары Қазақстан азаматтық авиацияның ұлттық жүйесін ИКАО стандарттары мен ұсынылған практикасына сәйкес келтірудің байыпты және ең бастысы, табысты жолынан өтті.

Қазіргі уақытта Қазақстанның ұшу қауіпсіздігі жөніндегі стандарттарға сәйкестік деңгейі 82 пайызды құрайды, бұл Еуропаның дамыған елдерімен салыстыруға тұратын көрсеткіш. 2025 жылғы кешенді авиациялық қауіпсіздік аудитінің нәтижесі бойынша еліміздің сәйкестік деңгейі 95,7 пайызды құрады. Бұл нәтижелер дәйекті институционалдық реформалардың, Қазақстанның авиациялық әкімшілігін құрудың, кадрлық әлеуетті нығайтудың арқасында мүмкін болды.

Өткен жылы азаматтық авиацияны дамытудың 2050 жылға дейінгі бас жоспарына қол қойылды. Қазақстан ИКАО-мен ынтымақтастықтың осындай форматын орнатқан өңірдегі бірінші ел болып отыр. ИКАО-мен дәл осындай жүйелі жұмыс елдің транзиттік әлеуетін нығайту және оның халықаралық авиация нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін институционалдық және құқықтық негіз жасайды. Осыған байланысты қарастырылып отырған хаттамаларды ратификациялау қисынды әрі уақытылы кадам.

Осы заңды қолдау еліміздің ұзақ мерзімді мүдделеріне жауап береді, оның азаматтық авиация саласындағы халықаралық беделі мен ұстанымын нығайтады деп ойлаймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қаралған хаттама азаматтық авиация саласындағы беделді халықаралық ұйымның қызметін жетілдіруді көздейді. Заңды мақұлдау аталған ұйыммен серіктестігімізді нығайтып, оның қызметінің тиімділігін арттырады деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы

Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Рассматриваемый нами закон направлен на расширение сотрудничества с Международным Банком Реконструкции и Развития, Международной Финансовой Корпорацией и Многосторонним Агентством Гарантии Инвестиций, которые являются основными институтами Группы Всемирного банка.

Всемирный банк – это один самых авторитетных международных финансовых институтов в мире. В нашей стране он работает уже более 30 лет. За это время реализовано свыше 50 проектов на сумму более 8 миллиардов долларов США в сферах транспорта, образования, экологии, цифровизации, финансов.

Рассматриваемое сегодня Рамочное соглашение о партнерстве является новым этапом стратегического взаимодействия. Оно направлено на достижение целей Национального плана развития Республики Казахстан до 2029 года.

Соглашение создает условия для привлечения льготного финансирования на длительные сроки под государственную гарантию, в том числе для субъектов квазигосударственного сектора, без увеличения государственного долга. Привлечение займов под государственную гарантию является альтернативным источником финансирования крупных проектов. Согласование таких займов займет меньше времени, что способствует ускорению реализации таких проектов.

В ходе реализации проектов в сфере закупок, антикоррупционных, экологических, социальных стандартов и норм раскрытия информации будут применяться политики и правила Всемирного банка.

Таким образом, у Казахстана появляется дополнительная возможность прямого привлечения и эффективного использования финансирования в таких важных для нашей страны сферах, как инфраструктура, аграрный сектор, малый и средний бизнес, здравоохранение и образование, инновационное и цифровое развитие.

Следует подчеркнуть, что, кроме кредитных ресурсов, Всемирный банк оказывает аналитическую поддержку, осуществляет оценку государственной политики, моделирование реформ, техническую помощь по внедрению институциональных изменений.

Суммируя все вышесказанное, можно утверждать, что дальнейшее тесное сотрудничество с Группой Всемирного банка будет способствовать улучшению инвестиционного климата, внедрению инноваций и наилучших международных практик, что в итоге благоприятно отразится на благосостоянии населения нашей страны.

Уважаемые коллеги! С учетом изложенного и в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан Комитет по финансам и бюджету предлагает одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Рамочного соглашения о партнерстве между

Правительством Республики Казахстан с одной стороны и Международным Банком Реконструкции и Развития, Международной Финансовой Корпорацией и Многосторонним Агентством Гарантии Инвестиций с другой стороны по расширению сотрудничества в целях содействия устойчивому развитию и росту Республики Казахстан».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне.

Дүниежүзілік банк – әлемдегі ең беделді халықаралық қаржы институттарының бірі. Ол Қазақстанда отыз жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Осы кезеңде көлік, білім беру, экология, цифрландыру, «жасыл» технологиялар және қаржы салаларында жалпы құны 8 миллиард АҚШ долларынан асатын 50-ден астам жоба іске асырылды. Алайда Дүниежүзілік банк тобының бағалауына сәйкес бізде жобаларды іске асырудың баяу қарқыны, жобалық бастамалардың жеткіліксіз деңгейде дайындалуы, сондай-ақ ұзаққа созылатын бюрократиялық және тендерлік рәсімдер сияқты жүйелі проблемалар әлі де сақталуда. Соның салдарынан ынтымақтастық әлеуеті толық пайдаланылмай, Қазақстан кейбір көрші мемлекеттерге қарағанда жобалар мен қаржы ресурстарын аз тартып отыр. Сұрақ осыған байланысты.

Аталған жүйелі проблемаларды жою және Дүниежүзілік банк тобынан тартылатын жобалар саны мен қаржыландыру көлемін арттыру үшін сіздің министрлік тарапынан қандай нақты шаралар қабылданып жатыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика вице-министрі Дарбаев Асан Көбентайұлы, жауап беріңіз.

ДАРБАЕВ А.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Біраз мәселе болды, бірақ біз Үкіметте жүйелі шешімдер қабылдап, өзгерістер енгізіп жатырмыз.

В целом проблемы по затягиванию процессов, наверное, связаны с затяжными процедурами согласования и проведения закупок, продлением сроков реализации проектов.

Хотел бы отметить, что в целом системные меры принимаются. Относительно бюджетного законодательства были приняты меры в части ускорения бюджетного финансирования, а также обеспечения проектного мониторинга.

Также хотел отметить, что в целом взаимодействие со Всемирным банком для нас имеет стратегический характер. Также мы имеем 30-летний опыт работы с другими финансовыми организациями. У нас хорошие взаимоотношения с другими партнерами, с ЕБРР, АБР, АБИ и ИБР. Взаимодействие с этими международными организациями выстраивается именно в приоритетных отраслях нашей экономики, которые требуют определенного развития. В первую очередь это транспортная, энергетическая инфраструктура, развитие малого и среднего бизнеса. Также есть ряд проектов, связанных с образованием и здравоохранением, с «зеленой экономикой» и устойчивым развитием.

Если сказать, какой объем финансирования со стороны данных финансовых организаций был внедрен в экономику Казахстана, то за 30-летний период более 40 миллиардов долларов США в эти инфраструктурные и иные проекты.

Также хотел отметить, что Правительство ведет сбалансированную долговую политику, это связано с методологией государственных финансов, где определяются пороги и лимиты по привлечению заемных средств. Могу привести пример. Это связано с займами. У нас на сегодня имеется государственный долг 22,5 процента к ВВП. Если сравнить с Республикой Узбекистан, то у них на сегодня долг превышает 32 процента от ВВП.

Наша методология позволяет привлекать и достигать не более 32 процентов государственного долга

Также хотел бы отметить, что в прошлом году изменился формат работы Координационного совета при Правительстве Республики Казахстан по взаимодействию с международными финансовыми организациями. Он проводится под председательством Премьер-Министра, присутствует широкий круг представителей со стороны Администрации Президента, Национального Банка, а также все международные финансовые организации принимают участие, также принимают участие представители Высшей аудиторской палаты.

Январское заседание Координационного совета было акцентировано на оптимизации процедур и упрощении процессов принятия решений по данным займам. На сегодня уже выработаны и согласованы со всеми заинтересованными органами предложения в рамках исполнения данного решения Координационного совета.

По правительственным займам такая оптимизация на сегодня получается. Если ранее это в среднем занимало 30 месяцев, то сейчас мы довели до 13 месяцев. Это касательно оптимизации процедур.

По займам, связанным с государственной гарантией, мы также сократили с 27 месяцев до 14 месяцев. Мы этот вопрос будем выносить на ближайшее заседание. Получим одобрение и будем вносить соответствующие изменения в нормативные правовые акты. Спасибо.

ТӨРАҒА. Асан Көбентайұлы, это важная работа, ее надо не просто формально реализовать, а это должна быть действительно работа, результаты которой видны. Мы же видим с точки зрения того (наш коллега Султан Мырзабекович поднимает вопрос), как долго у нас рассматриваются те или иные решения, как они затягиваются, что они не реализуются, где-то посередине процесса останавливаются. Это же не секрет, это достаточно известные вещи, когда какие-то решения, связанные со Всемирным банком и другими институтами, возможно, по другим направлениям, работа организована достаточно вяло и инертно.

Помимо средств, которые может предоставлять Всемирный банк по более или менее доступным процентным ставкам, сегодня Всемирный банк – это институт, который обладает большой компетенцией по развитию экономики, диверсификации экономики, развитию секторов, отраслей экономики. Поэтому для нас сотрудничество со Всемирным банком – это не только вопрос привлечения средств, в принципе, мы можем средства

привлекать из других источников, если говорить по сути, есть и другие источники, откуда можно привлекать более или менее доступные средства. Но Всемирный банк интересен тем, что у него есть компетенции, специалисты. Наверное, сегодня в мире с точки зрения компетенций это наиболее сильная структура, других пока нет. Или есть, например, МВФ, но там, наверное, немного другой формат работы с ними и уровень у них немного другой.

В этом плане Всемирный банк – это нужная для нас структура, тем более когда стоят большие задачи в экономическом блоке, когда мы приняли такие серьезнейшие документы, как Налоговый кодекс (сейчас же началась имплементация, реализация Налогового кодекса, мы будем смотреть и анализировать последствия, как это все дальше будет влиять на развитие экономики, бизнеса), Бюджетный кодекс, Экологический кодекс и другие документы. Реализацию этих и иных документов нужно анализировать, в том числе с участием компетентных специалистов из Всемирного банка.

Все же началось с процедур, что долго рассматриваются те или иные вопросы, направленные на сотрудничество с этим и другими институтами. Наверное, и в таком формате можно работать, но Глава государства ставит задачу, чтобы была отдача, эффективность, быстрота решений. Если просто внести пару изменений в нормативные правовые акты, наверное, это не решит проблемы. Видимо, надо пересматривать всю систему, работая с такого рода структурами, как Всемирный банк. Надеюсь на конкретные результаты.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос адресован Министерству национальной экономики и Министерству финансов.

Поддерживая значимость рассматриваемого соглашения для развития инфраструктуры и укрепления международного сотрудничества, где стороны подтверждают реализацию ряда крупных инфраструктурных проектов, включая дороги, железнодорожную инфраструктуру и объекты энергетики, прошу уточнить ряд важных аспектов его реализации.

Во-первых, какие механизмы предусмотрены для минимизации рисков по займам под государственные гарантии и недопущения их возможного влияния на государственный бюджет?

Во-вторых, предусмотрены ли инструменты мониторинга и прозрачности реализации проектов?

Буду признателен за развернутые пояснения по данным вопросам. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ДАРБАЕВ А.К. Сұрағыңызға рақмет, Амангелді Шайхоллаұлы.

Хотел бы отметить, что принятие данного Рамочного соглашения о партнерстве нам позволит ускорить и повысить эффективность реализации данных проектов, то, что в целом прорабатывается.

Принципиальная особенность данного Рамочного соглашения о партнерстве заключается в том, что мы предполагаем при привлечении займов минимально снизить нагрузку на государственный долг, минимизировать ее.

Предполагается, что основным акцентом привлечения займов будет предоставление государственных гарантий, заемщиками будут выступать в большей степени квазигосударственные субъекты. Это предполагает, что не будет прямого влияния на государственный долг, он будет условный и теоретический. При этом возвратность обязательств будет осуществляться в большей степени от доходной части квазигосударственного субъекта, за счет его основной деятельности, и частично будут выделяться средства из бюджета.

Относительно взаимодействия и сотрудничества со Всемирным банком хотел бы отметить, что за более чем 30-летний период не было случаев, чтобы по каким-то обстоятельствам срабатывала государственная гарантия и какие-то обязательства возлагались бы на бюджет. Все обязательства со стороны квазигосударственных субъектов, в принципе, выполняются.

Также хотел бы сказать, что есть определенные механизмы по минимизации рисков. В первую очередь это лимит государственного долга, на сегодня, по расчетам, он составляет до 103 миллиардов долларов США, а также лимиты, связанные с государственными гарантиями, составляют до 8 миллиардов долларов США. Если брать прошлый год, то было 4,6 миллиарда долларов США. Мы уже как бы имеем эти обязательства по государственным гарантиям.

В обязательном порядке проводится финансово-экономическая экспертиза инвестиционных проектов, где в целом говорится о целесообразности и необходимости условий финансирования, займов и источников возврата обязательств.

В обязательном порядке применяются и будут применяться стандарты Всемирного банка, связанные с проведением закупок, администрированием, мониторингом, социальные и экологические стандарты, что тоже позволяет сделать все более прозрачным и открытым.

Оценка и мониторинг условных обязательств проводятся на постоянной основе. Отдельное финансирование осуществляется поэтапно с учетом достижения индикаторов.

Хотел бы отметить, что вопросы контроля также стоят в повестке дня Координационного совета, где присутствует большой круг заинтересованных сторон, также приглашается экспертное сообщество, присутствуют представители Высшей аудиторской палаты.

Относительно мониторинга эффективности реализации данных инвестиционных проектов хотел бы сказать, что здесь предусмотрен двухуровневый мониторинг и контроль. В первую очередь контроль и мониторинг обеспечивают Всемирный банк и привлекаемые независимые экспертные организации, на базе которых создается рабочая проектная группа. Она в себя включает независимых экспертов, которые обеспечивают мониторинг и контроль. И в обязательном порядке отдельно администратор бюджетных программ, непосредственно государственный орган, обеспечивает контроль, своевременное и качественное исполнение, реализацию проектов.

Конечно, проблемы есть, но я думаю, что мы будем работать над ними.

Также хотел сказать, что Министерство финансов в целом обеспечивает мониторинг наличия и уровня государственных обязательств, государственного долга. Спасибо.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Кеңбеил Дәурен Маратұлы, өз тарапыңыздан қосарыңыз бар ма?

КЕҢБЕИЛ Д.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Амангельды Шайхуллович, Вы подняли важный вопрос по минимизации рисков при исполнении государственных гарантий. В Бюджетном кодексе предусмотрено несколько механизмов.

Первое – требования, предъявляемые к юридическому лицу, которое претендует на получение государственных гарантий. Какие это требования? Это требования о том, чтобы это юридическое лицо было резидентом и платежеспособным, не имело финансовой задолженности. К тому же данное юридическое лицо должно предоставить в виде обеспечения своих обязательств контргарантию или договор страхования.

Когда мы предоставляем государственную гарантию, мы смотрим на все эти требования, предусмотренные в Бюджетном кодексе.

Второе – требования к проекту. Проект, по которому предоставляется государственная гарантия, должен быть самокупаемым, иметь критически важное общестрановое значение для нашей страны. Эти требования мы также учитываем при предоставлении государственной гарантии.

Третье – мониторинг исполнения этого проекта, как правильно отметил Амангельды Шайхуллович. При исполнении Министерство финансов смотрит, если проект реализуется 15 лет, то в течение 15 лет мы мониторим этого заемщика – юридическое лицо, его финансовое состояние, как оно себя чувствует в определенном промежутке времени.

Также мы мониторим проект, как он реализуется. У нас есть поверенный агент. Он каждый квартал предоставляет нам отчетность как по заемщику, так и по проекту.

Все эти механизмы предусмотрены, они исполняются. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне.

Ұлттық экономика министрлігі – аталған келісімнің негізгі үйлестірушісі, ал салалық министрліктер – Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі және басқа қаржы институттарынан алынған қаражаттар есебінен жүзеге асып жатқан жобалардың іске асуына негізгі жауапты орган, яғни жобаларға тапсырыс беру және жобалардың сапалы аяқталып, бөлінген қаражаттың толық көлемде игерілуіне осы уәкілетті органдар жауапты. Алайда осы жұмыстың сапалы аяқталуына бақылау жасау да тиісті уәкілетті органның өзіне тиесілі болғандықтан бірқатар сапалы аяқталды деген жобалардан шығып жатқан кемшіліктер бойынша беріліп жатқан мәліметтердің үлкен күмән тудыратыны белгілі. Осыған байланысты бірнеше сұрақ бар.

Бірінші. Қазіргі таңда Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі және басқа қаржы институттары арқылы бөлініп жатқан қаражаттар есебінен жүзеге асып жатқан жобаларды нақты кім қалай жүзеге асырып жатыр? Оны кім бақылап отыр?

Екінші. Егер салалық министрліктің тарапынан осы жобаларды жүзеге асыруда қандай да бір кемшіліктер жіберілген жағдайда оның жауапкершілігі қандай?

Сонымен қатар болашақта осы жобалардың сапалы жүзеге асырылуын бақылау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынысты емес мемлекеттік орган немесе Жоғары аудиторлық палата осы жұмыстарды бақылауға алу керек деп есептеймін. Осы ұсыныс бойынша сіздің пікіріңізді білсек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Асан Көбентайұлы, жауап беріңіз.

ДАРБАЕВ А.К. Сұрағыңызға рақмет, Әлібек Ибатуллаұлы.

Здесь хотел бы отметить, что оценка реализации инвестиционных проектов осуществляется Министерством национальной экономики с привлечением юридического лица, определяемого Правительством. На сегодня это подведомственная организация – АО «Казахстанский центр ГЧП».

Оценка проводится после инвестиционного периода – по истечении трех лет с момента завершения проекта.

Также хотел бы отметить, что есть определенная методология, которая дает оценку. Эта методология выработана Всемирным банком и соответствует международным стандартам. Основные задачи:

- даются промежуточная и конечная оценки достижения результатов;
- эффективность использования финансовых средств;
- прозрачность проведения закупочных процедур;
- соответствие экологическим и социальным стандартам.

По таким критериям проводится оценка.

С точки зрения последующего контроля отмечу, что на Координационном совете также рассматривается вопрос эффективности и достижения определенных индикаторов в рамках реализации инвестиционных проектов.

С точки зрения ответственности Бюджетным кодексом предусмотрена ответственность первых руководителей администраторов программ за неэффективное планирование и использование бюджетных средств, отсутствие экономического эффекта при реализации государственных инвестиционных проектов.

В рамках нового Бюджетного кодекса приняты меры по ужесточению ответственности со стороны должностных лиц.

Со стороны Высшей аудиторской палаты при проведении аудита администратора бюджетной программы в обязательном порядке проводятся мониторинг и оценка эффективности реализации инвестиционных программ. Я думаю, что это позволит давать более объективную оценку по работе отдельных отраслевых государственных органов и принимать соответствующие выводы и решения.

Отдельной ремаркой хотел бы отметить, что большинство заемных средств привлекается в рамках реализации отдельных поручений Администрации Президента.

Данные поручения находятся на особом контроле. Соответственно, любое отклонение от сроков либо качества реализации данных проектов тоже несет за собой определенную оценку и соответствующую ответственность должностных лиц. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сергей Алексеевич. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі күн тәртібінде қаралып отырған заңды қолдаймын және өздеріңізді де қолдауға шақырамын.

Баяндамада айтылғандай, еліміз Дүниежүзілік банк тобымен 30 жылдан астам жұмыс істеп, көлік, білім беру, экология, цифрландыру, қаржы салаларында елуден астам жобаны іске асыруда. Егер оның кейбірін атап өтетін болсақ, ең ауқымды жобалардың қатарында көлік инфрақұрылымы жобалары бар. Мәселен, оған бүгінде іске асырылған (жалпы ұзындығы 8 мың 445 километр болатын, оның ішінде Қазақстан бойынша 2 мың 787 километр болатын) «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі аясындағы «Алматы – Қорғас» автожолын қайта жаңғырту жобасы жатады. Сондай-ақ автожолдарды дамыту жобасы аясында «Оңтүстік – Батыс» халықаралық транзиттік дәлізі жобасын атауға болады.

Елімізде осындай жобаларды тиімді әрі жедел іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Дүниежүзілік банкімен стратегиялық өзара іс-қимылды жаңарту қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты заң аясында қарастырылып отырған негіздемелік келісімге өткен жылғы 18 маусымда Астана қаласында қол қойылған болатын. Ол Дүниежүзілік банкімен стратегиялық ынтымақтастықтың жаңа кезеңінің басталуына, сондай-ақ жобаларды тиімді әрі жедел жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажеттігіне орай жасалған.

Бұл келісім жобаларды қаржыландыру құралдарын кеңейтуге, мемлекеттік шығыстарды басым жобаларға қайта бөлу арқылы бюджетке түсетін жүктемені азайтуға, сондай-ақ жобаларды іске асыру рәсімдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Келісім мемлекеттік кепілдікпен берілетін қаржыландыру құралдарын кеңінен пайдалану ұсынады және ұзақ мерзімге (35 жылға дейін) берілетін жеңілдетілген қаржыландырудың түрі болып табылады.

Атап өтетін тағы бір жайт, 2020 жылы Қазақстан Үкіметі мен Азия даму банкі арасында ұқсас келісім ратификацияланған болатын. Сондықтан қарастырылып отырған заңды қабылдау еліміздің орнықты дамуына және ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береді. Осылайша Дүниежүзілік банк тобының қаржысы Қазақстанға ең маңызды салалардағы жобаларды әлемдік озық тәжірибені қолдана отырып іске асыруға мүмкіндік жасайды.

Құрметті депутаттар! Жалпы келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеліп соқпайды. Бұл заң мемлекеттік саясаттың

стратегиялық бағытына толық сәйкес келеді. Соған байланысты сіздерді қолдауға шақырамын.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім еліміздің Дүниежүзілік банк тобымен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты орнатуға арналған. Бұл құжат арқылы тараптардың өзара іс-қимылының құқықтық негіздері қалыптасады. Жалпы, бұл заң ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз ететін маңызды жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің және азаматтардың әлеуметтік қорғалуының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Заң Парламент депутаттарының бастамашылдығымен әзірленген.

Заңның негізгі мақсаты қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің және азаматтардың әлеуметтік қорғалуының тиімділігін арттыру болып табылады. Осы орайда заң қолданыстағы Еңбек кодексіне, Әлеуметтік кодекске, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар

туралы», сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Бұл ретте Еңбек кодексіне:

қызметкерлерге диеталық емдік және диеталық профилактикалық тағам өнімдерін беру шарттары мен нормаларын бекіту бөлігінде еңбек жөніндегі уәкілетті органның құзыретін кеңейту;

азаматтық-құқықтық сипаттағы шартта еңбек қызметіне тән кемінде бір айрықша белгі болған жағдайда жеке тұлғамен мұндай шарт жасасуға тыйым салу;

ұйымдағы тиісті кәсіп, лауазым бойынша ең жоғары және ең төменгі жалақы мөлшерлері арасындағы жол берілетін арақатынасты ұжымдық шартта белгілеу;

еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде төленетін жәрдемақылар мен өтемақыларды қоса алғанда төлемдер туралы ережелерді ұжымдық шартқа енгізу;

өндірістік жазатайым оқиғалар орын алу жағдайында қызметкердің кінәсінің дәрежесін анықтауда жазатайым оқиғадан зардап шеккен қызметкердің кінәсі 25 пайыздан аспауы керектігін белгілеу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маманның тікелей ұйымның бірінші басшысына бағынуын белгілеу енгізіледі.

Сондай-ақ еңбек заңнамасын ереуілдерді өткізуге қатысты жекелеген мәселелер бойынша мынадай нормалармен толықтыру:

татуластыру комиссиясының жұмысына делдалды тарту және оның жұмысқа қатысу тәртібін егжей-тегжейлі реттеу;

ереуіл кезеңінде қауіпті өндірістік объектілерде міндетті түрде қамтамасыз етілуге тиіс қажетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ең төменгі көлемін айқындау;

ереуіл өткізу кезеңінде қызметі тоқтатылмайтын өндіріс түрлерін нақтылау көзделеді.

Заң арқылы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесін айқындау қағидаларын бекіту жөніндегі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті енгізіледі.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына лицензиялау саласын арнайы әлеуметтік қызметтердің жекелеген түрлерін көрсету бөлігінде толықтырулар қарастырылған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мәслихаттардың үлгілік ережелері негізінде «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретпен толықтырылады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулысын іске асыру бөлігінде Әлеуметтік кодекске жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде жұмыс істемейтін әкенің жас балаларға күтім жасаған уақытын еңбек өтіліне есептеуге қатысты нақтылаулар енгізіледі.

Заңды қабылдау нәтижесінде қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын және еңбек құқықтарын қорғау, азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінің заң тұжырымдасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғандарды ескере келе Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес оны бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства труда и социальной защиты населения.

Актуальность рассматриваемого закона обусловлена необходимостью перехода от контроля на производственных объектах к созданию реально безопасных условий труда и защите жизни и здоровья работников.

Следует отметить, что промышленный каркас Казахстана в значительной степени состоит из объектов, построенных десятилетия назад. Оборудование на многих промышленных предприятиях имеет значительную степень физического износа. В этой ситуации обеспечение безопасных условий труда является важным условием, направленным на недопущение производственных аварий и, как следствие, травматизма работников. При этом обеспечение безопасных условий труда диктуется не только юридическими требованиями, но и экономическими, технологическими условиями.

Внедрение Международной концепции «Нулевой травматизм» для казахстанских компаний, выходящих на рынки Китая, Европы, является одним из условий для заключения контрактов, а высокий уровень травматизма становится барьером для привлечения инвестиций.

В этой связи у меня возникают вопросы.

Какой процент производственных объектов, классифицированных как опасные, в настоящее время не охвачен автоматизированными системами мониторинга в режиме реального времени?

Какова ситуация с аварийностью на производственных объектах за последние три года?

Ведется ли вами статистика случаев, когда работники остались без выплат по профзаболеваниям из-за банкротства производственных предприятий? Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Шегай Виктория Вильгельмовна, жауап беріңіз.

ШЕГАЙ В.В. Құрметті Советбек Тұрсынұлы, сұрағыңызға рақмет.

В части промышленной безопасности вопрос относится больше к компетенции Министерства по чрезвычайным ситуациям. Тем не менее на сегодня проводится совместная работа с профильным министерством по обеспечению безопасных условий труда на рабочем месте.

Вы знаете, что есть две концепции – Концепция безопасного труда Республики Казахстан на 2024 – 2030 годы и Концепция промышленной безопасности на 2024 – 2030 годы.

Сегодня на уровне Правительства проводятся работы по объединению двух концепций в единый документ, который позволит усилить интеграцию взаимодействия между профильными министерствами для создания безопасных условий труда для работников.

Что касается статистики по производственным объектам, которые относятся к опасным, то, по данным Комитета промышленной безопасности, в стране на учете и мониторинге находятся более 230 тысяч таких объектов.

Кроме того, насколько я помню, в рамках Концепции промышленной безопасности предусмотрено мероприятие по внедрению цифровых инструментов при определении безопасных условий труда. Согласно Концепции промышленной безопасности внедрение таких инструментов на рабочих местах предусмотрено до 100 процентов к 2030 году. Поэтому назвать, какой процент сегодня, к сожалению, не представляется возможным.

Что касается вопроса выплаты возмещения вреда пострадавшим работникам, в том числе с учетом профессиональных заболеваний, по обанкроченным предприятиям, то, по данным Комитета государственных доходов, порядка 60 предприятий на сегодня находятся на стадии банкротства или реабилитации. Работы по возмещению вреда осуществляются конкурсными управляющими. Тем не менее статистика по наличию задолженности по возмещению вреда отсутствует.

Вместе с тем необходимо отметить, что комплексная защита по возмещению вреда пострадавшим работникам на уровне законодательных актов предусматривает, что возмещение вреда осуществляется в первую очередь при ликвидации любого предприятия.

Кроме того, в Министерстве труда и социальной защиты населения имеется отдельная бюджетная подпрограмма, которая предусматривает выплату по возмещению вреда пострадавшим работникам на основании решения суда по ликвидированным предприятиям. Сегодня получателями таких выплат являются около 600 человек, и предусмотрен объем расходов в пределах 900 миллионов тенге. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым заң бастамашысы ретінде баяндамашыға арналады.

Құрметті Руслан Рүстемұлы, қарастырылып отырған заңда, егер азаматтық құқықтық сипаттағы шартта еңбек қызметінің кемінде бір айқындаушы белгісі болса жеке тұлғамен мұндай шарт жасасуға тыйым салу көзделуде.

Еңбек шартының айқындаушы белгілері Еңбек кодексінің 27-бабында бекітілген және бұл туралы негізгі баяндамада атап өттіңіз.

Осы норма бір жағынан азаматтарды әлеуметтік қорғауға бағытталғаны түсінікті. Бірақ екінші жағынан ол азаматтық құқықтық шарт жасау еркіндігін шектеп, оны қолдану кезінде түрлі теріс пайдалану тәуекелдерін туғызуы мүмкін деген алаңдаушылық та бар. Осыған байланысты сұрайын дегенім:

Аталған норма іс жүзінде қалай жүзеге асырылады? Оны қолданудың нақты тетіктері қаралған ба?

Бұл шектеу азаматтардың құқықтарына кері әсер етпеу үшін қандай кепілдіктер қарастырылуда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Рүстемұлы, жауап беріңіз.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінде көп жағдайда еңбек шарты аясында белгіленетін жұмыс берушінің міндетінен жалтару үшін, оның ішінде нақты айтқанда жұмыскерге төленетін нақты еңбекақының көлемін белгілеуден және әлеуметтік қолдаудан бас тарту мақсатында осы азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу тәжірибесі бар. Бұл енді кей жағдайда еңбек заңнамасының бұзылуына және еңбек қауіпсіздігінің сақталмауына әкеп соғады. Норма осы олқылықты жою үшін ұсынылып отыр. Бұл норманың жалпы тікелей жемқорлық тәуекелдерін тудыратын ықтималдылығы төмен деп айтуға болады. Себебі салалық министрлік қазіргі уақытта еңбек келісімдерін жасауды, оны жүргізуді және тіркеуді цифрлық форматқа көшіруде. Бұл норманы біз қолдасақ болашақта мәселе мемлекеттік еңбек инспекциясының бақылауында болады, ал норманың іске асыру тетігіне келетін болсақ, келешекте келісімдердің барлығы цифрлық форматта жүреді. Бұл мемлекеттік еңбек инспекциясының мамандарына осы еңбек шарттарының мазмұнын нақты айқындауға, сипатын талдауға және оған құқықтық баға беруге мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге осы еңбек шарттарының мазмұны мен оның орындалу жағдайларына басымдық берілетін болады. Әрине, енді даулы жағдайлар туындаса сотпен шешілуі мүмкін, сондай-ақ жұмыскердің өзінің тиісті еңбек құқығы бұзылған жағдайда және еңбек қатынастары бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге, сондай-ақ тиісті уәкілетті органға жүгінуге толық құқығы болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне.

Анализ причин несчастных случаев на производстве показывает, что значительная часть трагедий связана с эксплуатацией устаревшего оборудования, не соответствующего современным требованиям безопасности. По данным Комитета государственной инспекции труда, только за девять месяцев 2025 года пострадали 934 работника, из которых 133 погибли.

В этой связи вопрос. Какие конкретные законодательные и нормативные инициативы намерено предпринять министерство для стимулирования предприятий к ускоренному обновлению устаревшего оборудования прежде всего в отраслях повышенного производственного риска, а также для ужесточения ответственности работодателей за несоблюдение требований охраны труда и промышленной безопасности? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Виктория Вильгельмовна.

ШЕГАЙ В.В. Ольга Александровна, спасибо за вопрос.

Действительно, в рамках данного законопроекта предусматривается усиление ответственности работодателя, потому что основными требованиями к содержанию коллективного договора являются условия и нормы по обеспечению безопасных условий труда и по возмещению вреда пострадавшим работникам.

Что касается принятия мер по повышению профориентированного устранения профессионального риска, то в данном направлении работа ведется систематически, в том числе в рамках Концепции безопасного труда, где предусмотрено, что при страховании работника от несчастных случаев предусматривается до 6 процентов возврат страховой премии, уплаченной работодателем, при исключении несчастных случаев или случаев производственного травматизма на объекте страховыми организациями к работодателю в части возмещения затрат на профилактические меры по предупреждению травматизма на рабочем месте.

Кроме того, при поддержке депутатов в 2025 году принят ряд мер в Кодекс об административных правонарушениях, которые позволили повысить размеры штрафов практически в два раза. К примеру, на сегодня штраф за несоблюдение и необеспечение безопасности условий труда составляет от 20 МРП до 120 МРП. В случае если подобные нарушения возникают повторно в течение года, то эти штрафы увеличиваются в два раза. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне.

Құрметті Виктория Вильгельмовна! Насколько эффективны предлагаемые законодательные изменения для снижения уровня производственного травматизма в Казахстане? Стимулируют ли они работодателей к модернизации производства и

улучшению условий труда? Может ли введение дополнительных требований к безопасности труда повлиять на экономическую деятельность предприятий и инвестиционный климат? Рақмет.

ТӨРАҒА. Виктория Вильгельмовна, жауап беріңіз.

ШЕГАЙ В.В. Нурлан Жексембаевич, спасибо за вопросы.

Мы полагаем, что для работодателя, как и для государства, важно создавать безопасные условия труда для своих работников, потому что это в первую очередь влияет на международный рейтинг самой организации, а также для привлечения инвестиционного капитала в свою деятельность.

Кроме того, предлагаемые в рамках данного законопроекта поправки в отношении требований к коллективным договорам, усиления требований к общественному контролю позволят обеспечить более прозрачную структуру обеспечения безопасности на рабочем месте, а также будут иметь положительное влияние на деятельность работодателей по самостоятельной идентификации состояния службы охраны труда на рабочем месте.

Как я ранее говорила, в рамках страхования работника от несчастных случаев предусмотрен ряд мер, направленных на стимулирование работодателя к обеспечению безопасных условий труда, в том числе возмещение расходов работодателя, направленных на профилактику травматизма на своем предприятии. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Руслан Рүстемұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы әріптесім Руслан Рүстемұлы жан-жақты баяндап берді.

Жалпы баршаңызға белгілі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда еңбек культін орнықтыру, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру саясатын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Еңбек адамының құқықтарын қорғау және оларды қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету аталған мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда заң Мемлекет басшысы айқындап берген әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтарымен толық үндеседі.

Заң аясында еңбек қауіпсіздігі жүйесін жетілдіру, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу, жұмыскерлердің құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту, сондай-ақ олардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған прогресивті нормалар қарастырылған. Әсіресе, еңбек қауіпсіздігі саласындағы жауапкершілікті күшейту,

ұжымдық шарттардың рөлін арттыру және өндірістік жазатайым оқиғалар кезінде жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға қатысты нормалар еңбек қатынастарындағы әділеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санаймын.

Жалпы алғанда, бұл заң еңбек адамының мүддесін қорғауға, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Құрметті әріптестер, айтылғандардың негізінде мен бұл заңды қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСПІН Н.Б. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер.

Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Назарларыңызға ұсынылып отырған заң Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң еңбекті қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғауға, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған.

Заңның негізгі мақсаты – еңбек және әлеуметтік заңнаманы кешенді жетілдіру, еңбек дауларын реттеу тетіктерін нақтылау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуді одан әрі жетілдіру. Осы мақсатта заң жобасымен Еңбек кодексіне, Әлеуметтік кодекске және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделді.

Заң жобасы еңбек жөніндегі уәкілетті органның құзыретін кеңейтуді, атап айтқанда, еңбек қатынастарын реттеуді жетілдіруді регламенттейді.

Заңды қабылдау жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауды, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін арттыруды және азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Құрметті Төраға, әріптестер! Баяндалғандардың негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Руслан Рүстемұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Заң жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған қосымша тетіктерді енгізуді көздейді. Нақты айтқанда, еңбек шарттарын жетілдіруге арналған нормалар бар. Сондай-ақ кейбір әлеуметтік осал топтағы азаматтар үшін жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға тыйым салынады. Сонымен қатар заң аясында өзге де маңызды әлеуметтік нормалар қамтылған.

Заңды қабылдау еліміздегі еңбек адамдарының құқықтық кепілдігін күшейтуге және жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыруға үлес қосады деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сауал Үкімет басшысы Олжас Бектеновке жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмалары аясында еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде ауқымды өзгерістер жүзеге асырылуда. Халықтың өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға, азаматтарымызға сапалы медициналық көмек көрсетуге, білікті мамандар даярлауға бағытталған жүйелі реформалар жүріп жатыр.

Осы ретте ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап медицина мамандарын оқытып, еліміздің денсаулық сақтау саласына үлес қосып келе жатқан өзіндік тарихы бар жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Астана медицина университетіне сіздің назарыңызды аударғым келеді. Аталған университет шағын өңірлік институт ретінде құрылып, бүгінгі таңда халықаралық деңгейде танылған ірі ғылыми білім беру орталығына айналды.

Университет бакалавриаттан бастап резидентура, магистратура және PhD докторантураға дейінгі барлық деңгейде 80-нен астам білім беру бағдарламасын іске асырады. Университетте 11 мыңнан астам білім алушы, оның ішінде 20 елден келген 700-ден астам шетелдік студент оқиды. Соңғы үш жылда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 99 пайызды құрайды, ал тәуелсіз емтихан нәтижелері 98 пайыздан асты.

Университеттің стратегиялық бағыты – профилактикалық медицина және халық денсаулығын сақтау. Бұл бағыт отандық денсаулық сақтау мектебінің негізін қалаушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Төрегелді Шарманұлының ғылыми мұрасымен толық үйлеседі.

Осыған байланысты сізден:

1) «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына «Ұлттық университет» мәртебесін беру мүмкіндігін қарастыруды;

2) университетке академик Төрегелді Шарманұлы Шармановтың есімін беруді;

3) аталған бастамаларды іске асыру бойынша құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерін қарастыруды сұраймын.

Бұл шешім еліміздің медицина ғылымы мен білімінің тарихи сабақтастығын нығайтып, Қазақстанның халықаралық ғылым, білім беру кеңістігіндегі беделін арттыруға үлес қосады деп санаймын.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен Н. Жүсіп». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Ағымдағы жылдың 10 ақпанында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы соңғы үш жылда еліміздің энергетика саласына бір триллион теңгеден астам қаражат бағытталғанын атап өтті. Бұл ретте 900 миллиард теңгеден астамы жөндеу жұмыстарына жұмсалса, тек 140 миллиард теңгесі ғана жаңа қуаттарды іске қосуға бөлінген. Президент жаңа генерацияның мұндай көлемі энергия жүйесінің тұрақты әрі сенімді жұмысы үшін анық жеткіліксіз екенін тікелей атап көрсеткен болатын.

Сонымен қатар маған сарапшылар қауымдастығынан, кәсіби инженерлерден және энергетикалық кәсіпорын өкілдерінен саланың жөндеу-баптау жұмыстарының сыни жағдайына терең алаңдаушылық білдірген бірнеше өтініш келіп түсті. Сатып алудың ашық еместігіне және білікті кадрлардың тапшылығына қатысты жүйелі шағымдар атқарушы биліктің араласуын талап ететін, пісіп-жетілген дағдарыстың бар екенін айғақтайды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің мәліметінше соңғы жылдары электр қуаты нарығы арқылы 500 миллиард теңгеден астам қаражат игерілген, алайда белгіленген қуаттың өсімі небәрі 1 пайызға жуықтайды. Қарапайым тілмен айтқанда, орасан зор қаражат жұмсалған, бірақ нақты нәтиже шамалы.

Бұл фактілер энергетика саласындағы күрделі жүйелі проблеманың бар екенін көрсетеді. Саланы қалпына келтіруге және жаңартуға тиісті жөндеу жұмыстары көп жағдайда тар шеңбердегі компаниялар үшін тұрақты табыс көзіне айналды, ал жабдықтардың нақты жай-күйі мен энергия жүйесінің сенімділігі нашарлауын жалғастыруда.

По имеющейся информации, в сфере энергоремонта и пусконаладочных работ сложилась ситуация, при которой тендеры формально проводятся, но реальной конкуренции нет. Побеждают компании-посредники, не имеющие собственных инженеров и оборудования. Основным критерием становится минимальная цена и наличие формальных сертификатов, а не реальная квалификация и опыт. В итоге профессиональные специалисты вытесняются с рынка или вынуждены работать через посредников по заниженным расценкам, что неизбежно снижает качество работ.

Особую обеспокоенность вызывает положение в сфере пуска наладочных и режимно-наладочных работ на электростанциях. Это ключевой этап, от которого напрямую зависит безопасная и стабильная работа котлов, турбин и тепловых сетей. Однако в Казахстане этот вид деятельности практически не регулируется: отсутствуют единые требования к квалификации, система лицензирования и подготовка кадров. В результате, по оценкам специалистов, в стране осталось менее пяти профессиональных инженерных команд, способных выполнять такие работы на должном уровне, что является критически малым числом для энергетической безопасности страны.

Все это приводит к снижению качества ремонтов, росту аварийности, ускоренному износу оборудования, увеличению расхода топлива и, как следствие, к росту себестоимости электро- и теплоэнергии. Проще говоря, огромные средства расходуются, но надежность энергоснабжения населения и предприятий не улучшается.

Дополнительную тревогу вызывает растущая зависимость от иностранных подрядчиков, услуги которых стоят значительно дороже. Это не только увеличивает финансовую нагрузку на отрасль, но и формирует технологическую зависимость, ослабляя собственные инженерные компетенции страны.

На основании изложенного просим Правительство Республики Казахстан:

- 1) всесторонне проанализировать сложившуюся ситуацию в сфере ремонтов и пуска наладочных работ в энергетике, в том числе с точки зрения аффилированности подрядных организаций с энергопередающими и энергопроизводящими компаниями, а также эффективности расходования тарифных и инвестиционных средств;
- 2) пересмотреть действующие механизмы закупок в энергетике таким образом, чтобы приоритет отдавался не минимальной цене и формальным документам, а реальной квалификации, опыту, наличию инженерных кадров и материально-технической базы;
- 3) рассмотреть возможность введения четких требований и допуска к выполнению пуска наладочных работ, а также создания системы подготовки и аттестации специалистов в этой сфере.

Құрметті Олжас Абайұлы, аталған шараларды іске асыру мемлекеттік және тарифтік қаражатты жұмсаудың тиімділігін арттыруға, жөндеу жұмыстарының сапасын жақсартуға, елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға және халықты тұрақты электр және жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Депутаттық сауалға заңға сәйкес толық жазбаша жауап беруіңіз сұралады.

Құрметпен, Б. Орынбасаров, С. Мәкежанов, С. Алдашев, А. Есбай, С. Карплюк, С. Шайдаров, Б. Орынбеков, А. Өтеғұлов, З. Кузиев, Н. Ниязова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысы Олжас Абайұлы Бектеновке.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Жол қауіпсіздігі азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін аса маңызды мәселе. Өкінішке қарай, соңғы жылдары елімізде жол-көлік оқиғаларының саны азаймай, керісінше көбейіп отырғаны байқалады. Бұл – мыңдаған

адамның тағдыры, жүздеген отбасының қайғысы. Қазақта «Ажал айтып келмейді» дейді. Бірақ жол апаттарының басым бөлігі кездейсоқтық емес, алдын алуға болатын жағдайлар екені белгілі.

Ішкі істер министрлігінің ресми деректеріне сәйкес 2023 жылы елімізде 15 мың 886 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 2 мың 543 адам қаза тапқан. 2024 жылы бұл көрсеткіш күрт өсіп, 31 мың 597 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 2 мың 579 адам көз жұмып отыр. Ал 2025 жылы 36 мың 146 жол-көлік оқиғасынан 2 мың 330 адам қайтыс болып отыр. Сондай-ақ соңғы үш жылда 100 мыңнан астам адам жарақат алған, яғни мыңдаған азаматымыз өмірімен қош айтысып, ондаған мың адам түрлі деңгейдегі жарақат алған. Әрбір осындай деректің артында адам тағдыры, отбасының қайғысы, қоғамның ауыр қасіреті тұрғанын ұмытпауымыз керек. Халқымыз «сақтансаң, сақтайды» дейді. Сондықтан жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болуы тиіс.

Бұл жерде жүргізушілерді даярлау мәселесіне де ерекше назар аудару қажет. Ішкі істер министрлігінің «Автомектеп» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің мәліметіне сәйкес бүгінде елімізде 727 автомектеп тіркелген, оның 160-ы мемлекеттік, ал 567-сі жекеменшік ұйымдар. Сонымен бірге соңғы жылдары осы саладағы мемлекеттік бақылау айтарлықтай қысқартылғаны белгілі. Атап айтқанда, 2016 жылдан бастап автомектептерді ашу рұқсат беру тәртібінен хабарлама тәртібіне ауыстырылып отыр, ал 2018 жылы ішкі істер органдарының автомектептердің қызметіне мемлекеттік бақылау жүргізу функциялары толық алып тасталып отыр. Нәтижесінде жүргізушілерді даярлау сапасына қатысты талаптардың әлсіреуі туралы қоғамда алаңдаушылық жиі айтылып жүр.

Бұл тұрғыда бұрынғы тәжірибеге де назар аударған жөн. Кеңес Одағы кезеңінде жүргізушілерді және техникалық мамандарды даярлаумен айналысқан «Армияға, авиацияға және флотқа жәрдемдесудің ерікті қоғамы», яғни ДОСААФ жүйесі болғаны белгілі. Бұл ұйым жастарды әскери-техникалық даярлаумен қатар, жүргізушілерді сапалы оқыту, жол мәдениетін қалыптастыру, техникалық тәртіп пен жауапкершілікке тәрбиелеу бағытында маңызды рөл атқарды. Бүгінде елімізде осындай кешенді даярлау жүйесінің болмауы да белгілі бір институционалдық олқылықтың бар екенін көрсетеді.

Сонымен қатар жол қозғалысын ұйымдастырудың заманауи тәсілдеріне де назар аудару қажет. Әсіресе ірі қалалардағы жол қиылыстарында кептеліс салдарынан көліктердің қиылыстың ішінде тоқтап қалуы жиі кездеседі. Мұндай жағдайлар қозғалыстың жалпы ырғағын бұзып қана қоймай, жол-көлік оқиғаларының туындауына да себеп болады. Осы тұрғыда әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген арнайы вафельді жол таңбасын енгізу тиімді болар еді. Бұл таңба жүргізушілерге кептеліс кезінде қиылыстың ішіне кіріп тоқтауға болмайтынын нақты көрсетеді. Нәтижесінде қиылыстардың бітелуі азайып, көлік қозғалысының тәртібі жақсарып, жол қауіпсіздігі деңгейі артады.

Құрметті Олжас Абайұлы! Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, келесіні ұсынамыз.

Біріншіден, жүргізушілерді даярлау сапасын арттыру мақсатында автомектептердің қызметіне мемлекеттік бақылау мен аккредитациялау талаптарын қайта енгізіп, оқу бағдарламалары мен практикалық дайындық стандарттарын күшейту қажет.

Екіншіден, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептерін жүйелі талдауға негізделген ұлттық деңгейдегі бірыңғай аналитикалық жүйені қалыптастырып, алдын алу шараларын нақты деректерге сүйене отырып күшейту маңызды.

Үшіншіден, жастарды техникалық даярлау, жол мәдениетін қалыптастыру және жүргізушілерді сапалы оқыту бағытында ДОСААФ үлгісіндегі ұлттық даярлау жүйесін кезең-кезеңімен қалыптастыру мәселесін қарастыру керек.

Төртіншіден, ірі қалалардағы жол қиылыстарында кептелістердің алдын алу мақсатында «вафельді жол таңбасын» енгізу қажет.

Қазақта «бір адамның өмірі – бір әлем» деген түсінік бар. Ендеше жолдағы әрбір сақталған өмір мемлекеттің де, қоғамның да ортақ жеңісі.

Депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Қазақстан халқы ассамблеясының депутаттары және депутаттар Д. Қыдырәлі, А. Нұғманов, Ғ. Сарыбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру тетіктерінің тиімділігі мен қолжетімділігі мемлекеттік аграрлық саясаттың негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Айта кету керек, Ауыл шаруашылығы министрлігінің тікелей бағыттауымен аграрлық секторды қолдауда соңғы жылдары бірқатар жүйелі шаралар қабылданып, ауқымды жұмыстар атқарылды. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «ҚазАгроҚаржы» АҚ қосылып, 12 кредиттік өнім үш базалық бағдарламаға біріктірілді.

«Кең дала», «Кең дала-2» бағдарламалары арқылы 5 пайыздық мөлшерлеменен 1,2 триллион теңгеге жуық қаражат бөлініп, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландырудың маңызды құралына айналды. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды қолдау мақсатында «Агробизнес», «Агробизнес 2.0» бағдарламалары арқылы 167 жобаға 115 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінсе, «Іскер» және «Агробизнес» бағыттарымен ауыл кәсіпкерлеріне 120 миллиард теңгеден астам қаражат берілді. Дегенмен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржыландыру жүйесінде бірқатар шешуді қажет ететін мәселелер сақталуда.

Бірінші. Кредит алуға өтінім беру және қарау процестері толық цифрландырылмаған. Бір өтінімге жиырмадан астам құжат талап етілсе, жүйенің толық интеграцияланбауынан оны қарау мерзімі үш-төрт айға дейін созылуда. Сонымен қатар аудандық филиалдардың болмауы шағын шаруашылықтардың тиісті қаржыға қолжетімділігін төмендетуде.

Екінші. Ауылдық жерлердегі кепіл мүлкінің құны өтімділік коэффициенттері арқылы төмендетіліп, нақты нарықтық құны емес, едәуір төмендетілген сомасы есепке алынып жатыр.

Үшінші. Бір бас малға белгіленген қаржыландыру лимиттері нарықтағы нақты бағалардан 30-40 пайызға төмен болуы шаруалардың жеке шығындарын арттырып, асыл тұқымды мал сатып алу көлеміне әсерін тигізуде.

Төртінші. 1 гектарға шаққандағы қаржыландыру лимиттері нақты өндірістік шығындарды толық қамтымай, кейбір дақылдарға кеткен шығындардың небәрі 35-50 пайызын ғана өтеуде.

Бесінші. Пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау төлемдерінің кешігуі салдарынан фермерлер несиелер бойынша толық пайыздық мөлшерлемені өз қаражаты есебінен төлеуге мәжбүр болуда. Бұл бағыттағы жинақталған берешек 340 миллиард теңгеден асады.

Алтыншы. Қайта өңдеу кәсіпорындарының айналым қаражатын кредиттеу мерзімі 12 аймен шектелген, алайда ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдық ерекшеліктерін ескерсек, бұл кәсіпорындардың тиімділігін төмендетеді.

Жетінші. Ауыл шаруашылығы жерлерін жалдау мерзімін ұзарту туралы өтінішті тек 3 ай бұрын беру талабы шаруаларға ұзақ мерзімді инвестицияларды тартуға және кредит алу мүмкіндіктеріне кедергі келтіруде.

Сегізінші. Кредиттік серіктестіктердің төлем тәртіптеріне байланысты мәселелер бар. Мысалы, міндеттемесін орындамаған бір ғана қарыз алушының жауапсыздығынан оны сотқа берудегі процестердің созылуынан басқа серіктестіктің кредиттік желісі тоқтап, қаржылық тұрақтылығына кері әсерін тигізуде.

Құрметті Олжас Абайұлы! Жоғарыдағы айтылғандардың негізінде Үкіметтен:

аграрлық кредиттеу процестерін толық цифрландырып, мемлекеттік дерекқорлармен интеграцияланған онлайн өтінім жүйесін енгізуді;

оң кредиттік тарихы бар қарыз алушылар үшін скорингтік бағалау жүйесін енгізіп, құжаттар санын қысқартуды;

кепіл мүлкін бағалаудың автоматтандырылған жүйесін енгізіп, маркетплейстермен интеграциялауды;

асыл тұқымды мал мен егіс шығындары бойынша қаржыландыру лимиттерін нарықтық бағаларға сәйкес қайта қарауды;

субсидияларды уақытылы төлеуді қамтамасыз етіп, берешектерді қысқарту жөнінде нақты жоспар қабылдауды;

қайта өңдеу кәсіпорындарына айналым қаражатын кредиттеу мерзімін ұзартуды, ал лимиттерді 5 миллиард теңгеге дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыруды;

жерді жалдау мерзімін ұзарту туралы өтінішті кемінде бір жыл бұрын беруге мүмкіндік жасауды;

кредиттік серіктестіктерге төлемдік талап қою арқылы берешекті сотқа дейін өндіріп алу құқығын заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселесін қарастыруды сұраймыз.

Құрметпен Аграрлық комитеттің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

Құрметті Олжас Абайұлы! Павлодар облысы – Қазақстанның индустриялық ірі орталығының бірі ретінде мемлекетіміздің 40 пайыз электр энергиясын, 100 пайыз алюминий, 65 пайыз ферроқорытпа, көмірдің 60 пайызын және 32 пайыз жанармай өндіріп отырған өлке. Осы салалардағы кәсіпорындар мен өндірістік кешендер ел экономикасының дамуына, энергетикалық қауіпсіздігімізге және өнеркәсіптік әлеуетімізге үлкен үлес қосып келеді. Мұндай жетістіктермен қатар индустриялық қуаттың екінші жағы да бар. Ол қоршаған ортаға түсетін ауыр экологиялық жүктеме.

Аталған салалардағы кәсіпорындар мен өндірістік кешендер ондаған жылдардан бері 300 миллион тоннадан астам күл-қож қалдықтарын шығарды. Павлодар облысында жыл сайын республикадағы ең үлкен көлемде орташа есеппен 700 мың тоннадан астам ластаушы заттар шығарылады. Бұдан басқа өнеркәсіптік аймақтарда топырақ құрамында ауыр металдардың жоғары концентрациясы байқалса, негізгі су артериясы – Ертіс өзенінің экожүйесіне де пайдалы емес жүктеме түсіп отыр. Бұл құрғақ статистика ғана емес, бұл сол өңірде өмір сүріп жатқан адамдардың күнделікті өміріне әсер ететін, таза ауамен тыныстағысы келетін, балаларының денсаулығына алаңдайтын мыңдаған отбасының мәселесі. Оның үстіне статистикалық деректерге сәйкес Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары тыныс алу органдары мен онкологиялық аурулар бойынша көш бастап тұр.

Әрине, экономикалық даму мен экологиялық қауіпсіздік бір-біріне қарсы ұғымдар емес, керісінше олар бір-бірін толықтырып тұратын стратегиялық мақсаттар. Алдағы жылдарда Екібастұздағы 2-ГРЭС-тің қосымша энергоблоктары ғана емес, жаңа 3-ГРЭС-тің құрылысы да басталады. Сонымен қатар жасанды интеллект инфрақұрылымының халықаралық хабын қалыптастыру және «Деректерді өңдеу орталығы» аймағы да Екібастұзда бой көтереді. Бұл құрылыстар көмір жағумен тығыз байланысты болғандықтан шығарындылар көлемі ұлғаяды. Сондықтан өңірдегі экологиялық ахуалды одан әрі нашарлатпас үшін заманауи ең озық қолжетімді технологиялардың қолданылуы қай деңгейде болады деген сауал өзінен өзі туады.

2021 жылы қабылданған Экологиялық кодексте өндірістік кәсіпорындар мен кешендерде ең озық қолжетімді технологияларды 2025 жылдан бастап енгізу туралы мәселе көтерілген болатын. Бүгінгі күні осы мәселенің орындалу барысы қандай деңгейде іске асырылып жатыр деген сұрақ туындайды.

Референдумда қабылданған жаңа Ата заңның 37-бабына сәйкес әр азаматтың конституциялық құқығы мен қоршаған ортаны қорғау біздің ортақ міндетіміз. Сондықтан аталған облыстардың экологиялық мәселелерін шешу тек өңірлік саясаттың ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық міндеттің бірі болуы тиіс деп санаймыз. Осыған байланысты жоғарыда қойылған сұрақтармен бірге келесі ұсыныстарға назар аударуды сұраймыз.

Біріншіден, көмір энергетикасын экологиялық тұрғыдан терең модернизациялау қажет. Екібастұздағы ірі электр станцияларында жаңа буын газ-тазарту жүйелерін енгізу, шығарындыларды азайтатын заманауи технологияларды пайдалану уақыт талабы деп білеміз.

Екіншіден, Павлодар өңіріндегі 300 миллион тоннадан астам күл-қож қалдықтарын қайта өңдеу бойынша арнайы бағдарламаның қажеттілігі бар деп санаймыз.

Үшіншіден, Ертіс өзенінің экологиялық жағдайын жақсарту және өнеркәсіптік ағынды суларды тазарту жүйесін реттейтін шараларды күшейту үшін тиісті министрліктердің бірлескен жоспары қажет.

Төртіншіден, экологиялық жүктемесі аса жоғары өңірлер ретінде Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының тұрғындары үшін кешенді экологиялық сауықтыру бағдарламасы әзірленуі қажет деп ойлаймыз.

Бесіншіден, ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының экологиялық жауапкершілігін арттыру мақсатында шығарындылардың ашық мониторинг жүйесін енгізу, тәуелсіз экологиялық аудит жүргізу және қоғам алдында есеп беру – бұл бағыттағы маңызды қадамдар болуы тиіс.

Құрметпен депутаттар А. Нухұлы, Е. Әйткенов, Ш. Бұқтұғұтов, О. Булавкина, С. Өтешов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Өзіңізге белгілі, ұлттың болашағы оның өткенін қалай сақтайтынымен өлшенеді. Ал сол өткенді ұрпаққа аманат етіп жеткізетін тарихтың ең сенімді куәгері – музей. Онда жинақталған жәдігерлер – тарихтың үнсіз сөзі, оны бүгінгі ұрпаққа жеткізу – мемлекеттің тікелей жауапкершілігі.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мәдениет және өнер қызметкерлерімен кездесуде: «Қазіргі заман талабына сай музей қоғам санасын жаңғыртуға ықпал ететін озық институтқа айналуы керек. Сол арқылы жас ұрпақ төл тарихымыз бен салт-дәстүрімізді терең танып, одан тағылым алуы қажет», – деп атап өтті. Осы орайда Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің «Қазіргі заманғы музей ісінің мәселелері мен мүмкіндіктері» тақырыбында Алматы қаласында өткізген көшпелі отырысында бірқатар маңызды мәселелер талқыланды.

Талдау барысында музей саласының әлеуеті жоғары болғанымен, жүйелі мәселелердің де аз еместігі анықталды. Республикалық деңгейдегі кейбір музейлер жаңғыртылғанымен, өңірлік және аудандық музейлердің басым бөлігінде инфрақұрылым тозған, экспозициялар ескірген, ғылыми және цифрлық әлеует жеткіліксіз.

Біріншіден, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі. Қазіргі кезде елімізде 282 музей жұмыс істейді, олар үш түрлі ғимаратта орналасқан. 87 музей арнайы салынған типтік ғимараттарда орналасса, 170 музей бейімделген нысандарда, ал 25 музей жалдамалы ғимараттарда жұмыс істейді.

Бейімделген және жалдамалы ғимараттарда қор сақтау талаптары толық сақталмайды. Температуралық режим, желдету жүйесі, қауіпсіздік талаптары жиі бұзылады. Бұл тарихи жәдігерлердің сақталуына нақты қауіп төндіреді.

Екіншіден, кадр мәселесі. Көптеген музейлерде ғылыми қызметкерлер, реставраторлар, экспозиция жасаушылар, бағдарламашылар, заңгерлер сияқты негізгі

мамандар қарастырылмаған. Сонымен қатар музей қызметкерлерінің жалақысы да саланың жауапкершілігіне сәйкес емес.

Үшіншіден, цифрландыру деңгейі төмен. Музейлердің интернет ресурстары көбіне талапқа сай келмейді. Контент сапасы, үш тілдегі ақпараттың бірізділігі, ғылыми сипаттамалар мен заманауи цифрлық сервистер жеткіліксіз. Ал бүгінгі әлемдік тәжірибе музейлердің тек мәдени мекеме ғана емес, туризм мен креативті индустрияның маңызды драйверіне айналғанын көрсетіп отыр. Сол себепті музейлерді тек бюджет есебінен жұмыс істейтін ұйым ретінде емес, мәдени капитал қалыптастыратын, туристік тартымдылықты арттыратын, жастарды тәрбиелейтін заманауи орталық ретінде дамыту қажет.

Осы бағытта Қызылорда облысында қалыптасқан оң тәжірибені ерекше атап өткіміз келеді. Өңірде облыстық бюджет қаражатын мақсатты оңтайландыру және әкімшілік шығындарды азайту бойынша жүргізілген кешенді шаралардың нәтижесінде үнемделген қаржы есебінен музейлер, архивтер, кітапханалар және бірқатар әлеуметтік мекемелер «Руханият орталықтары» атауымен арнайы салынған типтік ғимараттармен толық қамтылды.

Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Қызылордадағы жаңа тарихи-өлкетану музейі заман талабына сай салынған. Онда музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа өңірлерге үлгі етуге болады», – деп атап өтті.

Құрметті Олжас Абайұлы! Осыған байланысты музей ісін дамыту мақсатында Үкімет тарапынан мынадай шараларды қарастыруға:

- 1) музей саласын дамытудың бірыңғай ұлттық концепциясын қабылдап, ірі қалаларда тақырыптық музейлерді жүйелі түрде қалыптастыруға;
- 2) музей қызметкерлерінің мәртебесін арттырып, еңбекақыны көтеруге, кадрларды даярлауға және заманауи музей менеджментін енгізуге;
- 3) мемлекеттік деңгейде алтын бұйымдарды түгендеу мақсатында бірыңғай электрондық каталог жасап, ғылыми есептілік жүйесін жүргізуге;
- 4) жеке музейлер туралы арнайы заң қабылдауға;
- 5) археологиялық олжаларды міндетті түрде музейлерге тапсыруға қатысты бақылауды күшейтуге;
- 6) жәдігерлердің көшірмесін жасау мәселесін қатаң мемлекеттік реттеуге;
- 7) бейімделген және жалдамалы ғимараттардан кезең-кезеңімен бас тартып, Қызылордадағы «Руханият орталықтары» тәжірибесін өңірлерге енгізуге;
- 8) музей қорларын толық цифрландыру арқылы бірыңғай цифрлық платформа қалыптастыруға және интернет ресурстардың сапасын арттыруға ықпал жасауыңызды сұраймыз.

Құрметпен, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрге жолданады.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Глава государства Касым-Жомарт Токаев подчеркивал: «Справедливость должна быть не декларацией, а реальной нормой жизни общества».

Сегодня я поднимаю вопрос, который выходит за рамки одной истории. Это вопрос о том, работает ли в полной мере система защиты прав человека в отношении самых уязвимых граждан.

Ко мне обратилась семья глухонемых граждан. На протяжении нескольких лет они пытаются добиться справедливости и не могут. Семья рабочих вложила миллионы тенге в строительную компанию в надежде приобрести жилье. Руководитель компании скрылся с деньгами дольщиков.

Чтобы выжить, семья продала автомобиль, оформленный в кредит. Но и здесь стала жертвой мошенничества – автомобиль был похищен обманным путем.

Сегодня ситуация выглядит так: машины нет, кредит есть.

После невозможности обслуживать оставшуюся задолженность банковские счета семьи были заблокированы. В итоге бездомные люди с инвалидностью фактически лишены накоплений, имущества и средств к существованию.

Как сенатор я направила официальные запросы в правоохранительные и уполномоченные органы. Однако ответы носят формальный характер и не решают проблемы. Поэтому я вынуждена вынести этот вопрос на парламентскую площадку.

Возникает принципиальный вопрос. Судебное решение о взыскании задолженности вынесено еще в 2021 году. До настоящего времени оно не исполнено. Исполнительное производство возвращено «в связи с отсутствием имущества у должника». Но может ли судебное решение оставаться на бумаге годами только потому, что имущество формально не найдено?

Согласно статье 430 Уголовного кодекса злостное неисполнение судебного акта – это преступление. И Верховный Суд прямо указывает, что злостность включает сокрытие имущества, вывод активов и их переоформление на третьих лиц. Следовательно, речь идет уже не о частной ситуации, а о системном сбое исполнения судебных решений.

Дополнительная проблема – доступ к правовой защите. Граждане с нарушениями слуха и речи зачастую не могут воспользоваться ни колл-центрами, ни цифровыми сервисами, ни ИИ-ассистентами, которые ориентированы на стандартные сценарии. В результате именно те, кто больше всего нуждается в защите, оказываются вне системы.

Мировая практика показывает: эффективность достигается за счет цифровизации исполнения, автоматического выявления активов должников и персональной ответственности судебных исполнителей за результат.

В этой связи просим:

- 1) рассмотреть единую межведомственно согласованную практику исполнения судебных решений по делам, связанным с мошенничеством и защитой уязвимых граждан;
- 2) рассмотреть реальную координацию действий судебных и правоохранительных органов, судебных исполнителей, банков и иных структур с ориентацией на результат, а не на формальные ответы;

3) обеспечить доступность государственных и цифровых сервисов для граждан с нарушениями слуха и речи, включая альтернативные каналы взаимодействия и сопровождение;

4) рассмотреть вопрос об усилении ответственности за неисполнение судебных актов, включая механизмы выявления скрытых активов;

5) при необходимости инициировать законодательные поправки, направленные на дополнительную защиту уязвимых категорий граждан.

Уважаемый Олжас Абаевич! Эффективность государственных органов проверяется именно в таких ситуациях. Когда человек не может защитить себя сам, то система обязана защитить его.

Сегодня в условиях действия новой Конституции вопрос стоит принципиально. Основной закон прямо закрепляет: права и свободы человека – высшая ценность государства, а их защита – прямая обязанность власти.

Полный текст и материалы обращения прилагаются.

В соответствии с конституционным законом просим рассмотреть данный вопрос и представить письменный ответ.

С уважением, Жексенбай, Ершов, Нугманов, Сарыбаев, Сатвалдиев».

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер, өздеріңіз білесіздер, бүгін ораза аяқталады, одан кейін ораза айт басталады. Айттан айтқа аман-есен жете берейік.

Бір-екі күннен кейін бәріміз Наурыз мейрамын атап өтеміз. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын деп тілейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Құрметті әріптестер! Ұлттық дәстүрлерді дәріптеп, ұлттық киімді насихаттап, ел-жұрттың ортасында жарқырап жүре беріңіздер!

Мейрамдардың бәрі құтты болсын, тәуелсіз еліміз әрі қарай жасай берсін. Құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 19 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын лауазымынан босату туралы

Об освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы Д.М. МАЛАХОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан МАЛАХОВА Д.М. 2

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола, касающегося изменения статьи 50 а) Конвенции о международной гражданской авиации и Протокола касающегося изменения статьи 56 Конвенции о международной гражданской авиации», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Б.Б. АҚҚОЖИНАНЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АККУЖИНОЙ Б.Б. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НУХҰЛЫ А. 5

ЛАСТАЕВ Т.Т. – Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі, вице-министр транспорта Республики Казахстан 5

АСАНОВА Ж.Б. 5

ЛАСТАЕВ Т.Т. 6

АЛДАШЕВ С.Т.	6
-------------------	---

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Рамочного соглашения о партнерстве между Правительством Республики Казахстан с одной стороны и Международным Банком Реконструкции и Развития, Международной Финансовой Корпорацией и Многосторонним Агентством Гарантии Инвестиций с другой стороны по расширению сотрудничества в целях содействия устойчивому развитию и росту Республики Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы С.А. КАРПЛЮКТИҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А.	8
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
ДҮЙСЕМБИНОВ С.М.	9
ДАРБАЕВ А.К. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, вице-министр национальной экономики Республики Казахстан	9
НҰҒМАНОВ А.Ш.	11
ДАРБАЕВ А.К.	11
КЕҢБЕИЛ Д.М. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан	13
НӘУТИЕВ Ә.И.	13
ДАРБАЕВ А.К.	14
МӘКЕЖАНОВ С.А.	15

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования безопасных условий труда, защиты трудовых прав работников и социального обеспечения», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Р.Р. РҮСТЕМОВТИҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке РУСТЕМОВА Р.Р.	16
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
МЕДЕБАЕВ С.Т.	18
ШЕГАЙ В.В. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан	19
САТВАЛДИЕВ А.Г.	19
БУЛАВКИНА О.А.	20
ШЕГАЙ В.В.	21
БЕКЕНОВ Н.Ж.	21
ШЕГАЙ В.В.	22
ЕСБАЙ А.Ғ.	22
ЖҮСП Н.Б.	23

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования безопасных условий труда, защиты трудовых прав работников и социального обеспечения», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
Р.Р. РУСТЕМОВТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке РУСТЕМОВА Р.Р.	24
--	----

Депутат Н.Б. ЖҮСПТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	25
--	----

Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	26
--	----

Депутат Г.Г. ШИПОВСКИХТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ШИПОВСКИХ Г.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.27

Депутат С.Қ. АРУБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.29

Депутат А. НУХҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУХҰЛЫ А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.30

Депутат Р.Р. РҮСТЕМОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата РУСТЕМОВА Р.Р. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.32

Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.33

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева